

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## “Шырақ” атты мультфильм жарыққа шықты

ЖАРИЯЛАНДЫ  
27.11.2023СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/146726/

Балаларға арналған мультфильм жарыққа шықты. Шырақ-анимациялық фильмі. Мультфильм отбасы құндылықтарына негізделген. Сондықтан ол жанұямен бірге көруді ұсынатын, жанға жылулық сыйлайтын қысқа метражды фильм. Графикалық сапасы өте керемет, Дисней мультфильмдерден кем емес. Осындай кішкентай шам отбасыға жылулық пен нұр әкелді. Көрнекілік, сюжет, сахналық қойылым – бәрі жоғары сапада жасалған, нағыз өнер туындысы. Шырақ экранға шыққан сайын ерекше ләззат әкелді. Ол эмоциялардың барлық спектрін мәнерлі жеткізді: қуаныш, алаңдаушылық, ашу, қорқыныш. Бірақ біз тек көрнекіліктермен өмір сүрмейміз. Мұндағы басты тақырып та мақтауға тұрарлық. Негізгі идея – отбасылық құндылықтар, мейірімділік, сүйіспеншілік пен өзара көмек. Себебі, қазіргі қоғамның дертіне айналған, ата-ана мен баланың арасындағы қарым-қатынас елеусіз қалып жатыр. Ал шырақ отбасы мүшелеріне қарым-қатынастың ләззатын және бір-біріне мұқтаж екенін түсінуге көмектеседі. Айта кетейік, 2023 жылы фильм әлемнің 80-нен астам кинофестиваліне жолдама алған. Жақында ол Албанияда өткен Тирана халықаралық кинофестивалінде «AUDIENCE CHOICE AWARD KIDS – 10» номинациясының жеңімпазы атанды.

Бетпе -бет тілдесу өмірге бақыт әкеледі. Бақыт өзіңді біреуге керек сезінуден, біреуге сол бақыт әкелуден туындайды.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.